



С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті


Эпидемиология кафедрасы

# Қызамық синдромы кезіндегі шаралар стандарттары мен алгоритмдері

Орындаған: Нигметова С

Қабылдаған: Бейсембинова Ж.Б.

Алматы, 2015 жыл



# Жоспар:

- Кіріспе
- Эпидемиялық процесс
- Қызамық клиникасы
- Диагноз қоюдың зертханалық критерийлері
- Эпидемиологиялық тексеру алгоритмі және қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар
- Эпидемиологиялық тексеру алгоритмі және қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар
- Қызамықты емдеу қағидалары

# Кіріспе

- Қызамық (Rubeola) - адамның сыртқы ортада төзімсіз, аэрозольдік (аспирациялық) және вертикалді беріліс механизмдері арқылы жұғатын *Togaviridae* тұқымдастығы *Rubivirus* тегіне кіретін вируспен қоздырылатын жедел респираторлық антропоноздық ауруы. Ол лимфалық, әсіресе желке мен мойын артындағы түйіндердің ұлғаюымен, макуло-папулездік бөртпемен, орташа уланумен сипатталады.



# Эпидемиялық процесс


## Инфекция көздері

Клиникалық белгілері анық не білінбей өтетін науқас.

Жасырын кезеңнің екінші жартысы.

Бөртпе көрінгеннен бастап 7 күн ішінде.

# Берілу жолдары





# Беріліс факторлары

Мұрын мен  
жұтқыншақтан шығатын  
сілемейлік аэрозоль  
тамшылары.

Қан., жатыр арқылы

# Қауіп топтары мен факторлары



Балалар.
Жасөспірімдер.
Жастар.
Жүкті әйелдер.

Балалар.

Жасөспірімдер.

Жастар.

Жүкті әйелдер.

# ҚЫЗАМЫҚ КЛИНИКАСЫ

Жасырын кезеңі - 11-24 күн

**Ауру көріністерінің жалпы симптомдары**

- Ересектерде дене қызуы көтерілуі
- Ересектерде әлсіздік, желке, мойын арты лимфатикалық түйіндерінің ауыруы.
- Ересектерде мұрын мен жұтқыншақта жеңіл катаральдік көріністер .
- Ересектерде айқын артралгия.





# Айрықша сипатталатын көріністер

□ Бөртпе көрінуге 1-2 күн қалғанда желке, мойын арты лимфа түйіндерінің лимфадениті, ол бөртпе жойылғасын бірнеше күннен (2-3 аптадан) кейін өз-өзінен кетеді.

□ Аурудың екінші күні бетте, мойында бір-бірімен қосылмайтын макуло-папулезді бөртпе шығып, тез арада (бірнеше сағат ішінде) кеудеге және аяқ-қолға таралады.

□ Петехиялар түріндегі гемморрагиялық бөртпе, ересектерде петехиялар сирек, кейде экхимоздар.

□ Балаларда бөртпе молырақ болады.

□ Бөртпенің шығуында кезеңділік жоқ.



# Диагноз қоюдың зертханалық критерийлері

## Зерттелетін материал

- Аурудың қатал кезеңінде мұрын-жұтқыншақ шайындысы, қан, несеп, нәжістер, өлген балалардың ішкі ағзалары, ЖМС.

## Диагностика әдісі

- Вирусологиялық.
- Вирус ЦПЭ бойынша не ГАР индикацияланады, ал идентификациялау БР, ГАБР, ИФР пен ИФТ жүргізіледі.

## Диагностикалық мәні бар критерийлер

- □ Биоматериалдардан қызамық вирусын табу - диагноздың дәлелі болып саналады.

# Диагноз қоюдың зертханалық критерийлері

## Зерттелетін материал

- Қан сарысуы

## Диагностика әдісі

- Иммунологиялық.
- ИФТ.

## Диагностикалық мәні бар критерийлер

- Ауру барысында қарсыденелер титрлерінің 4 не одан көп есе өсуінің диагностикалық мәні бар, сонымен бірге спецификалық IgM қарсыденелерін анықтау аурудың тексеріс мерзіміне жақын уақытта болғандығын көрсетеді.

# Диагноз қоюдың зертханалық критерийлері

## Зерттелетін материал

- Аурудың қатал кезеңінде мұрын-жұтқыншақ шайындысы, қан, несеп, нәжістер, өлген балалардың ішкі ағзалары, ЖМС.

## Диагностика әдісі


- Гендік диагностика.
- ПТР

## Диагностикалық мәні бар критерийлер

- Вирустың РНК-сын анықтау диагнозды тез дәлелдеуге көмектеседі.

# Эпидемиологиялық тексеру алгоритмі және қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар

**Мақсаты:**



Қызуы көтерілген, бөртпесі бар ауруларды табу, қызылшаға тексеру, ол теріс нәтиже берсе - қызамыққа тексеру.

# Қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар

◆ Қызамыққа күмәнді ауру жөнінде хабарлама түскенде:

□ тез (хабарлама түскесін 24 сағат ішінде) науқас отбасына не жатқызылған ауруханасына бару, өзімен бірге «болжамды» оқиғаға эпидтексеру картасы және медицина қызметкерінде қан алуға арналған комплект болуы тиіс;

□ эпидемиологиялық тексеру картасы толтырылады. Мыналарды дұрыс бағалау өте маңызды: симптомдардың (қызу көтерілуі, бөртпе, жөтел, мұрын бітуі, конъюнктивит, лимфаденопатия және т.б.) барлығын, уақытын, ұзақтығын, жүкті әйелдердің қарым-қатынаста болуына айрықша көңіл бөлінуі тиіс;

□ науқасан қан алынғандығына, оны вирусологиялық зертханаға жеткізуге тиіс ұйымға көз жетуі тиіс. Олай болмаған жағдайда қанның сәйкес сынамасын алу ұйымдастырылады;

□ отбасының барлық мүшелеріне науқасты оңашалау жөнінде кеңес беру, бөртпе толық өткенше қонақ (келушілер) санын мейлінше азайту;

# Қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар

□ бөртпе шығар алдында 10 күн ішінде науқастың қызуы көтерілген және бөртпесі бар басқа адамдармен жанасқандар туралы отбасы мүшелерінен сұрап білу, сонымен бірге пациенттің бөртпесі жоқ жасырын кезеңдегі науқаспен қарым-қатынаста болып, вирус жұқтыру мүмкіндігін де естен шығармау керек. Науқастың өз мекенінен басқа жерлерге, әсіресе, өз елінің басқа өңірлерінде не шет елдерде болғандығы туралы мәлімет жинау да қажет;

□ осы ауруға ұқсас басқа ауруларды белсенді іздестіруді бастау (отбасында, көршілерде);

□ қызамық вакцинасын алмағандарды тез егуге кірісу (егу күнтізбесіне сай);

□ ауруды (зертханалық, клиникалық, эпидемиологиялық тұрғыдан) дәлелденген қызамық деп тану не болжамды өзгерту (қабылдамау) керек;

□ эпидемиологиялық тексерістің нәтижелері бойынша тиісті медицина қызметкеріне ақпарат беру

# Қызамық ошағындағы эпидемияға қарсы шаралар

◆ Қызамық зертханалық және клиникалық тұрғыдан дәлелденген жағдайда:

□ қызамықпен науқас адаммен тікелей жанасу кезінде адамдарды (бірге тұратын отбасы мүшелері, жақын көршілері, дос-жарандары – бұрын қызамық вакцинасымен егілмеген), әсіресе тікелей қарым-қатынаста болған жүкті әйелдерді табуға барлық күш-жігерді жұмсау керек;

□ науқаспен тікелей қарым-қатынаста болған жүкті әйелден қан алып, оны спецификалық IgM қарсыденелерін анықтау үшін зертханаға жібереді;

□ жүкті әйел қызамық инфекциясына күдікті болған жағдайда, бұл туралы бақылаушы дәрігерге хабар беріледі. әйел босанғаннан кейін мұқият тексеріс жүргізілуі тиіс. Оны қалай жүргізілетіні «туыла біткен қызамық синдромына (ТҚС) эпидқадағалау» бөлімінде келтірілген.



# Қызамықты эпидемиологиялық қадағалау алгоритмі

**Мақсаты:**

ҚР-ның егу  
Күнтізбесіне  
сәйкес қызамыққа  
қарсы  
иммунизация  
бағдарламасының  
орындалуын  
бақылау.

# Қызамықты эпидемиологиялық қадағалау және алдын алу алгоритмі

- Халық арасында қызамықты қабылдаушы топтарды, әсіресе жүкті әйелдерді анықтау үшін сероэпидемиологиялық зерттеулер жүргізу;
- 2005ж. Қызамыққа қарсы жүргізілген Жалпы иммунизация Кампаниясы кезінде 15-25 жастағы ұйымдасқан ұжымдардағы және 26-40 жастағы әйелдер тегіс вакцинамен егу қарастырылған
- 1 жастағы балаларды үштік вакцинамен (ККП) жоспарлы егу тәжірибеге енгізіледі;
- 15 жастағы қыздарды қосымша егу қарастырылған;
- Осы топтарда және ұйымдаспаған ұжымдардағы егуден қалыс қалған адамдарды егу жалғастырылуы тиіс.
- Егуге дамитын реакцияларды қадағалау.
- Қоғамға қызамыққа қарсы егілу қажеттілігі туралы тұрақты хабарлап тұру.

# Қызамықты емдеу қағидалары

## Этиотропты емдеу

Қарастырылмаған.

## Патогенетикалық емдеу

Симптоматикалық  
Қызамықтық артриттер:  
делагил 0,5-0,75 г/тәулі-  
гіне, антигистаминдік,  
СҚҚТ (сте-роидсыз  
қабынуға қарсы препа-  
раттар) .